

ҚР ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ МЕН «ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖАҒЫРТУ МЕН ДАМУТУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ АРНАЙЫ ЖОБАСЫ
СПЕЦИАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РК И АО «КАЗАХСТАНСКИЙ ЦЕНТР МОДЕРНИЗАЦИИ И РАЗВИТИЯ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА»

Бюджеттің 022 «Әлеуметтік саладағы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы объектілерінде энергия үнемдеу бойынша іс-шаралар жүргізу» бағдарламасының 2014 жылғы «Тұрғындармен түсіндіру-ақпараттық-насихаттық жұмыстар» бөлімі аясында
В рамках реализации бюджетной программы 022 «Проведение мероприятий по энергосбережению объектов социальной сферы и жилищно-коммунального хозяйства» в части «Разъяснительно-информационно-пропагандистская работа с населением» на 2014 год

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО В ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОМ ХОЗЯЙСТВЕ

В Казахстане развитие государственно-частного партнерства (ГЧП) определено как перспективное направление государственной политики развития. В своем выступлении 12 июня 2009 года на XXI пленарном заседании Совета иностранных инвесторов Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев отметил следующее: «... Важно систематизировать меры государственной поддержки, продвигать инструменты государственно-частного партнерства при реализации проектов на местном уровне, особенно при строительстве объектов социальной и жилищно-коммунальной сфер. Прамотное использование этих механизмов позволит снять нагрузку с бюджета, ускоренно модернизировать инфраструктуру необходимую для диверсификации экономики».

Президент РК Н.А. Назарбаев неоднократно отмечал о необходимости развития ГЧП в Казахстане в своих посланиях народу Казахстана. В частности: в Послании от 29 января 2010 года «Новое десятилетие – Новый экономический подъем – Новые возможности Казахстана» обозначено, что «...огромным потенциалом по привлечению частных инвестиций располагает механизм государственно-частного партнерства. Мы запустили этот механизм в Казахстане, но он требует усовершенствования в соответствии с лучшей мировой практикой...»; в Послании от 28 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» Н.А. Назарбаев поручил Правительству «разработать законопроект, предусматривающий внедрение новых форм государственно-



частного партнерства».

Во исполнение поручений Главы государства, в рамках Указа Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958 «О Государственной программе по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 – 2014 годы и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан», разработана Программа по развитию государственно-частного партнерства в Республике Казахстан на 2011 – 2015 годы (далее – Программа развития ГЧП), предусматривающая создание законодательной и институциональной основы для реализации инвестиционных проектов с использованием механизмов ГЧП в РК.

Внедрение механизмов ГЧП рассматривается как один из инструментов привлечения частного сектора в жилищно-коммунальное хозяйство (далее – ЖКХ), повышения ее инвестиционной привлекательности и отражено в отраслевых программах - Программе модернизации жилищно-коммунального хозяйства на 2011-2020 годы, утвержденной постановлением Правительства Республики

Казахстан от 30 апреля 2011 года № 473; Программе «Ақ бұлақ» на 2011-2020 годы, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 мая 2011 года № 570.

Вопросы взаимоотношения государства и бизнеса всегда находились в центре пристального внимания любого современного демократического государства и рассматриваются в качестве одного из основных инструментов достижения поступательного экономического развития страны. В последние годы во всем мире наблюдается тенденция усиления сотрудничества власти и бизнеса и в секторе жилищно-коммунального хозяйства. Многие предприятия этой сферы, имеют стратегическое значение и не могут быть

приватизированы, но, с другой стороны, государство не всегда обладает достаточным объемом средств, необходимых для их поддержки и развития. В этом случае применяется такая форма взаимодействия власти и бизнеса, как государственно-частное партнерство.

«Государственно-частное партнерство» является дословным переводом английского термина "public-private partnership" (PPP) и давно применяется в зарубежных государствах: Франции, Великобритании, США, Канаде, Австрии, Бельгии. Однако в Казахстане проекты в сфере ГЧП в большей степени находятся в стадии пилотной проработки. К сожалению, уже существует отрицательный опыт по реализации инвестиционных проектов в сфере жилищно-коммунального сектора посредством применения принципов государственно-частного партнерства по причине несовершенства законодательной базы.

Как показывает международный опыт, в ЖКХ частные инвестиции привлекаются, в основном, посредством ГЧП, так как это позволяет соблюсти баланс интересов государства, частного инвестора и конечного потребителя товаров, работ и услуг – населения. Основной аргумент в пользу ГЧП – экономия средств. Данный показатель постоянно увеличивается ввиду благоприятных условий в пользу ГЧП, ввиду ограниченности государственных ресурсов в большинстве стран из-за последствий мирового финансового кризиса.

Мировой опыт, а также положительные результаты реализации проектов ГЧП подтвердили высокую эффективность данного инструмента.

Начало. Продолжение на 2-стр.

**КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН
ҮЙЛЕР БОЙЫНША ЭНЕРГИЯ
МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

3-бет



**ПРОВЕДЕНИЕ
КОМПЛЕКСНЫХ
ОБСЛЕДОВАНИЙ
ОБЪЕКТОВ ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЯ**
2-СТР

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯҒА
ҚАТЫСУҒА
ШАҚЫРАМЫЗ**

4-БЕТ

ОБЛЕГЧИЛИ БРЕМЯ

ремонт многоквартирных жилых домов станет доступнее



2-стр

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ



Арман ӨТЕПОВ,

Білім тарату орталығының бас менеджері

Қазақстан Республикасында энергия ресурстарына деген бағаның тұрақты түрде өсіп отыруы жағдайында, энергия үнемдеу жүйесіндегі стратегиялық мәселе тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қоршау конструкцияларының жылу физикалық сипаттамаларына қойылатын жаңа күшейтілген талаптардың енгізілуі болып табылады. Мұндай талаптардың болуы ел экономикасының тұрғын үй-коммуналдық секторында энергия ресурстарын мейлінше ұтымды пайдалану қажеттілігін қалыптастырады.

Қазақстанның тұрғын үй қорының қазіргі жай-күйі тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қоршау конструкциялары арқылы жылудың едәуір деңгейде ысырап болуымен сипатталады. Қоғамдық ғимараттар мен қалалық тұрғын үй қорының көпшілік бөлігі жылуды тиімсіз оқшаулайтын қоршау конструкциялары-

мен, жылумен жабдықтау жүйелерімен жабдықталған. Қазіргі тұрғын үй қорындағы болат арматурадан жасалған металл қаңқалы, ауыр және энергияны көп қажет ететін керамикалық фракциялары бар түрлі бетондар пайдаланылатын сыртқы қабырғалар ғимараттың жылу тиімділігін айтарлықтай дәрежеде төмендетеді.

Осыған байланысты, тұрғын ғимараттардың жылу тиімділігін арттыруға бағытталған, отындық-энергетикалық ресурстарды үнемдеп ғана қоймай, сонымен бірге өңірлерге әлеуметтік және экономикалық әсер ететін энергия үнемдеу құрылысын әзірлеп, оны іске асыру аса өзекті болып отыр.

Құрылыста ресурс үнемдеу принциптерін іске асыру жаңа энергетикалық тиімді жылу оқшаулағыш құрылыс материалдары мен технологияларын, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылым саласындағы конструкциялық шешімдерді қолдану дегенді білдіреді. Ресурс үнемдеудің қандай да бір әдістерін қолдану мүмкіндігі ғимараттардың энергия тиімділігі сыныбы бойынша анықталады.

Отындық-энергетикалық ресурстар шығысын азайтуға энергия үнемдеудің кешенді тәсілі арқылы, өңірлердің климаттық, техникалық-экономикалық, әлеуметтік және экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, сәулет-жобалау және конструкциялық шешімдерді, сондай-ақ ғимараттардың инженерлік жабдығын жетілдіру есебінен ғана қол жеткізуге болады.

Жылу және энергия тиімділігі тұрғысынан алғанда, сыртқы жылу оқшаулағышы, желдетілетін және желдетілмейтін қасбеті бар, жеңіл жылу оқшаулағыш материалдар пайдаланылатын ғимараттар құрылысына көшу орынды болмақ. Тиімді қымтағыш ретінде көбікті полиуретаннан, көбікті полистиролдан, көбікті изолдан, минералды, шлак және шыны мақта мен талшықтан жасалған плиталарды, ұяшықты және жеңіл бетондарды, гипсті, құралатын термоқосымшалар және монокристалл арболитті, құм және полистиролдан, перлиттен, вермикулиттен жасалған қиыршықтас түріндегі сеппелерді және тағы да басқа материалдарды пайдалануға болады.

Негізгі көтеретін конструкциялардың жылу ысырабын азайту үшін кеуекті құм бетондарды, сондай-ақ шлак негізіндегі жеңіл бетондарды және кремний өндірісіндегі қалдықтардан жасалған, керамикамен бес есе арзан жаңа қымтағышты пайдалануға жөн.

Қосымша қымтау кезінде қабырғаның біртекті конструкциясы көпқабаттыға айналады. Бұл жобалау сапасына және жұмыстарды жүргізуге қойылатын талаптарды күшейтеді. Өйткені қолданылатын материалдардың өртүрлілігі және көп болуы қымталатын конструкциялардың жылу қорғау қасиеттері мен пайдалану сенімділігін азайтуға алып келетін қателіктерге бой алдыру мүмкіндігін жеңілдетеді.

Соңғы он жылдан астам уақыт аралығында әлемдік құрылыс тәжірибесінде сыртқы қоршаулардың

Басы. Жалғасы 2-бетте

Предотвращение дальнейшего разрушения жилых зданий и их сохранение должны стать первоочередными мерами в жилищном секторе Казахстана, поскольку он играет важную роль в экономике и является потенциальным инструментом, обеспечивающим устойчивость и поддержку общего благосостояния и развития.

Поэтому улучшение условий проживания граждан и приведение эксплуатационных качеств многоквартирных жилых домов в соответствие с установленными требованиями и стало главной целью Программы модернизации жилищно-коммунального хозяйства на 2011-2020 годы. Сначала капитальный и текущий ремонт общего имущества объектов кондоминиума осуществлялся по двум механизмам финансирования. В 2011-2012 годах на ремонт многоквартирных жилых домов было выделено 17842 миллиона тенге, отремонтировано 1331 дом. В 2013-2014 годах ремонт велся за счет возвратных средств, отремонтировано 100 домов на общую сумму 1083,4 миллиона тенге, в 10 домах работы еще продолжаются. В текущем году из республиканского бюджета выделено 11900 миллионов тенге на ремонт 700 домов. Если посмотреть региональную таблицу по ремонту жилых домов, то увидим, что Жамбылская область в сравнении с другими выглядит в целом неплохо: 107 домов в 2011-2012 годах, пять в 2013-2014 годах, в четырех ра-

ОБЛЕГЧИЛИ БРЕМЯ

ремонт многоквартирных жилых домов станет доступнее



боты ведутся за счет возвратных средств и в 32 — по плану 2014 года. Опыт предыдущих работ высветил в некоторых регионах ряд проблемных моментов, отразившихся на качестве реализации госпрограммы. Ныне приоритеты (с учетом ошибок прошлых лет) поменялись: упор сделан на повышение энергоэффективности зданий, проведение комплексного капитального ремонта домов. Анализ показывает, что сегодня большие непроизводительные потери энергоресурсов приходится на жилищный сектор. По экспертным оценкам, теплотехнические характеристики примерно 70 процентов зданий не отвечают

современным требованиям (особенно это касается построек 1950-1980 годов), из-за чего они теряют до 30 процентов (местами и выше) тепловой энергии, потребляемой для отопления. В связи с этим в апреле 2014 года в Программу модернизации жилищно-коммунального хозяйства на 2011-2020 годы внесены существенные поправки.

Во-первых, вместо двух механизмов ремонта домов будет применяться один — через специализированные уполномоченные организации при акиматах, что значительно упростит задачу собственникам квартир (помещений) при выборе вида ремонта. Во-вторых, исключаются все типовые виды ремонтных работ, предусмотренные ранее. Теперь работы по термомодернизации будут двух видов: минимальные — ремонт (утепление) кровли, подъезда и подвала жилого дома и максимальные — ремонт (утепление) кровли, подъезда, подвала, фасада, ремонт лифта (при наличии). Исключением является проведение ремонта подвала (включая инженерные сети) при условии, что в проведении ремонта кровли, фасада и подъезда дом не нуждается. При комплексе работ по термомодернизации будут установлены автоматизированные тепловые пункты — си-

стемы, регулирующие теплотребление в зависимости от наружной температуры воздуха, и общедомовые приборы учета тепловой энергии, финансирование которых будет осуществляться за счет средств из республиканского бюджета. В-третьих, исключаются предварительные взносы. В программе предусматривалось, что в 2013 году необходимо накопить собственные средства в объеме трех процентов от стоимости ремонта, в 2014 году — пяти и в 2015 году — семи процентов. В-четвертых, внесены изменения и дополнения в алгоритм действий специализированных уполномоченных организаций. Кроме того, в реализации механизма ремонта предусмотрена адресная поддержка социально уязвимых граждан для оплаты расходов за капитальный ремонт общего имущества объектов кондоминиума.

В настоящее время проводится широкая разъяснительная работа среди населения о необходимости проведения капитального ремонта общего имущества объектов кондоминиума в рамках Программы модернизации ЖКХ с обязательной установкой общедомовых приборов учета тепла и автоматизированных тепловых пунктов.

Султанмахмут УТЕШОВ,
директор филиала АО «Казахстанский центр модернизации и развития ЖКХ» по Жамбылской области.

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУДІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

тұтас қосымша жылу қорғанысын құрудың түрлі тәсілдерін әзірлеп, енгізу және бұрын салынған ғимараттардың сәулеттік келбетін жаңғырту кең етек алды. Көптеген шетелдік құрылыс фирмалары тиісті бұйымдар мен конструкциялар жиынтықтарын шығаруға маманда нады. Құрылыс саласының осы бір жаңа тармағының дамуы, ең алдымен, тұрғын және басқа да ғимараттарды жылытуға жұмсалатын отындық-энергетикалық ресурстарды үнемдеу қажеттілігімен тікелей байланысты.

Тәуелсіз еліміздің қазіргі кездегі қарқынды дамуы барысында ғимараттарды жылытуға кететін шығындарды үнемдеу аса маңызы бар мемлекеттік мәселеге айналды. Қазақстан Республикасының құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында энергия үнемдеу тұжырымдамасы мен бағдарламасы осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған. Алайда азаматтарымыздың баспанасына айналған ірі панельді және блокты

ғимараттардың көбі қосымша қымтау және гидро қорғау бойынша тиісті талаптарға жауап бермейтіндігімен жылу-техникалық сипаттамаларында қанағаттанарлықсыз күйде.

Бұл кемшіліктер төмендегі себептерге байланысты түсіндіріледі: үлгілік жобалардың жергілікті жағдайға, әсіресе, қатал климатты аудандарға; жылу-техникалық көрсеткіштері жобаларда көзделгеннен айтарлықтай төмен керемитті бетон пайдалануға бейімделіп жасалмағандығы; панельдердің түйіскен жерлері үшін сенімді саңылаусыздандырығыш материалдардың жоқтығы, конструкцияларды дайындау және монтаждау сапасының төмендігі.

Жоғарыда көрсетілгендерге байланысты, бұрын салынған ғимараттардың көпшілігінде сыртқы қоршаулардың термиялық кедергісінің қажетті шамасы қамтамасыз етілмейді. Сонымен бірге, ол қабырға панельдердің түйіскен жерлерінен су өтуі кесірінен қоршаулардың материалдары ылғалдануы нәтижесінде төмендеп кетеді

де, бұл конструкциялардың тозып, соңында мерзімінен бұрын бұзылуына алып келеді. Мұндай ғимараттарды жылыту отынды едеуір артық жұмсауды қажет етеді, алайда, бұл шараның өзі де көбіне тұрғын үй-жайлардағы қалыпты жағдайды қамтамасыз ете алмай қалады.

Осыған байланысты, заманауи материалдарды, жабдықтар мен аспаптық-өлшеу құрылғыларын пайдалана отырып, ресурс үнемдеу технологияларын енгізу негізінде, тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылу қорғау тиімділігін арттыратын тұрғын ғимараттарды қосымша қымтаудың жекелеген жүйесі үшін физикалық-техникалық және конструкциялық-технологиялық негіздер әзірлеу өзекті және дер кезіндегі міндет болып отыр.

Құрылыс технологиялары сапасының проблемасына инженерлік-технологиялық, эстетикалық, пайдалану және экономикалық факторлардың түрлі сипаттағы аспектілері жатады. Құрылыс өндірісінің негізгі мақсаты — адамның толыққанды тұрмыс-тіршілігі үшін сапалы

ғимараттар мен құрылыстар салу.

Құрылыс өнімінің сапасы пайдалану сенімділігін, экологиялық тазалық пен қауіпсіз, жайлы өмір сүру жағдайына кепілдік беруі тиіс. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында сумен, жылумен, электрмен және газбен жабдықтау жүйелерін кең көлемді жаңғырту, сондай-ақ тұрғын үй қатынастарының оңтайлы моделін құру (бұл азаматтардың өз мүлкінің сақталуына жауапкершіліктерін арттыруды қажет етеді) қажеттілігі туралы айтылған.

Осыған байланысты, салынып жатқан ғимараттардың жылу тиімділігін арттыруға бағытталған энергия үнемдеу іс-шараларын әзірлеу және оларды іске асыру аса өзекті болуда. Бұл шаралардың жүзеге асуы отындық-энергетикалық ресурстарды үнемдеуге ғана қоймай, сонымен бірге өңірлерге әлеуметтік және экологиялық жағынан әсер етуге мүмкіндік береді.

Соңы. Басы 1-бетте

На сегодняшний день уровень износа основных фондов ЖКХ превышает допустимые нормы, а уровень обеспеченности высокоэффективными технологиями крайне низкий. Общая протяженность электрических сетей 0,4 кВ по республике составляет 94,668 тыс. км, тогда как электрические сети 35-1150 кВ составляют 24,5 тыс. км. При этом, 18% электрических сетей напряжением 0,4 кВ находится в аварийном состоянии (или 17,04 тыс. км), а общий уровень износа составляет 85%. Помимо этого, в Республике Казахстан, согласно статистическим данным, имеется 58 081 комплектных трансформаторных подстанций напряжением 0,4 кВ, более 75% из которых имеют срок эксплуатации свыше 25 лет.

Данные объекты электроснабжения непосредственно участвуют в обеспечении электричеством населения Республики Казахстан, в т.ч. проживающих в 162 815 МЖД, из которых согласно статистике 32% требуют ремонта. В 2011 году, согласно статистическим данным, населению отпущено более 9,4 млрд. кВт*час электрической энергии. В то же время, по причине неудовлетворительного состояния объектов электроснабжения объемы потерь электроэнергии составили более 6,4 млрд. кВт*час, а количество аварий на сетях электроснабжения ежегодно превышают 5 тыс. случаев.

В послании Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Через кризис к обновлению!» от 6 марта 2009 года отмечена необходимость реконструкции и модернизации коммунальных

ПРОВЕДЕНИЕ КОМПЛЕКСНЫХ ОБСЛЕДОВАНИЙ ОБЪЕКТОВ ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЯ

сетей, в т.ч. объектов электроэнергетики и электроснабжения. Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 18 февраля 2011 года №1158 была принята Программа модернизации жилищно-коммунального хозяйства Республики Казахстан на 2011-2020 годы.

В соответствии с данной программой необходима комплексная модернизация и определение необходимых мероприятий, связанных с реконструкцией, текущим ремонтом или заменой инженерных сетей. Так, в 2012 году в рамках данной программы на развитие коммунального хозяйства направлено 12,3 млрд. тенге (70 проектов), в т.ч. по объектам электроснабжения, что в свою очередь является не достаточным.

Однако, перед реализацией данных мероприятий возникает необходимость выявления фактической степени износа, «узких мест», необходимости проведения технического перевооружения (ремонта либо замены, модернизации либо реконструкции). В связи с этим, предлагается проведение комплексного обследования сетей электроснабжения, начиная от трансформаторных подстанций, линий электропередач 0,4 кВ до внутридомовых распределительных устройств в целях определения возможности их дальнейшей эксплуатации или необходимости их технического перевооружения, реконструкции, модернизации и

ремонта. В дальнейшем результаты предлагаемой республиканской бюджетной программы лягут в основу целевых трансфертов областными бюджетами, бюджетам городов Астаны и Алматы на развитие коммунального хозяйства. Данное мероприятие позволит обеспечить эффективное и рациональное использование средств, выделяемых из республиканского бюджета, а также эффективный и комплексный подход в реализации Программы модернизации жилищно-коммунального хозяйства, совместно и поручений Главы государства. Глава государства в своих ежегодных посланиях народу Казахстана не обходит стороной вопросы энергосбережения и внедрения подобных технологий. Так, в своем послании «Қазақстан халқының әлауқаттын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» от 6 февраля 2008 года Н.А. Назарбаев впервые отметил необходимость экономики энергетических ресурсов в связи с их исчерпаемостью и поручил Правительству РК сконцентрировать свои усилия на внедрении энергосберегающих и экологически чистых технологий.

Поэтому проведение комплексного обследования объектов электроснабжения в дальнейшем будет способствовать увеличению эффективности работы данных объектов на более высокий уровень. Учитывая новый политический курс развития страны, указанный Главой государства, мероприя-

тия по комплексному обследованию сетей электроснабжения, кроме вышеупомянутых мер, будут включать и меры по выявлению потенциала энергосбережения и повышения энергоэффективности, возможности внедрения новых, энергосберегающих технологий.

По итогам реализации предлагаемой бюджетной программы предполагается достижение следующих результатов: - выявление потенциала энергосбережения, а также разработка мероприятий по повышению энергоэффективности и энергосбережения, реализация которых позволит оказать содействие в реализации поставленных задач Главой государства; - анализ и выработка необходимых рекомендаций по критериям надежности и эффективности применяемых материалов и оборудования при эксплуатации и ремонте объектов электроснабжения; - рациональное использование средств, выделяемых из республиканского бюджета на развитие коммунального хозяйства; - установление фактического состояния эксплуатируемых объектов электроснабжения; - определение «узких мест» объектов электроснабжения, а также меры по их устранению; - выработка мер и рекомендаций по замене морально и физически устаревшего оборудования на современное, энергосберегающее оборудование.

Рамазан ӘСІП,
директор Департамента коммунального хозяйства

КӨП ПӘТЕРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР БОЙЫНША ЭНЕРГИЯ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі мәселелері әлемнің барлық елдері үшін жаңа даму бағытына айналды. Олардың ішінде Қазақстан да бар. Ұлттық экономика-ны дамытудағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің алға қойған басым мақсаттарының бірі 2020 жылға қарай Қазақстандағы жалпы ішкі өнімнің (ІЖӨ) қажет ететін энергия көлемін азайту болып табылады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 тамыздағы №904 қаулысымен «Энергия үнемдеу – 2020» бағдарламасы бекітілді.

«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өсу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауымен және Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламамен экономиканы тұрақты және теңгерімді өсіру жөніндегі міндеттер алға қойылды. Экономиканың энергетикалық тиімділігін арттыру – инновациялық экономиканы дамытудың ажырамас бөлігі. Барлық дамыған елдерде энергия үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған бағдарламалар жұмыс істейді. Қазақстан да әлемдік қоғамдастықтан қалмай, экономиканы энергетикалық тиімді даму «рельстеріне» түсіруді қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салуда. 2012 жылғы 26 шілдеде «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы күшіне енді.

Заң энергия үнемдеу мәселелерінде толыққанды құқықтық база құруға бағытталған. Бұл Заң энергетикалық ресурстарды пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін анықтайды. Халықаралық энергетикалық агенттіктің ақпараты бойынша әлемдік рейтингте Қазақстанның ІЖӨ-дегі энергия қажет ету көрсеткіші – 1,9. Бұл көрсеткіш Германияда – 0,16, яғни, біздікімен салыстырғанда 11,8 есе төмен. Энергия үнемдеу саласында ІЖӨ-нің қажет ететін энергия көлемін 2015 жылға қарай кемінде 10%-ға, 2020 жылға қарай 25%-ға азайту міндеті қойылды.



Жүргізілген талдау көрсеткендей, тұрғын үй-коммуналдық секторда үнемдеу қоры баршылық. Осыған байланысты, бір жағынан, электр және жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын үлестік шығыстарды азайту, екінші жағынан, энергияның үлестік тұтынылуын азайту көзделуде. Қазақстан Республикасының Президенті 2013 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметіне 2013-2015 жылдар ішінде экономиканың энергия қажеттілігін жыл сайын 10 пайызға азайта отырып, электр энергиясын тұтынуды үнемдеуді тапсырды. Осылайша, энергия үнемдеу мемлекеттің стратегиялық міндеттеріне жатқызылды. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық салалардағы, барлық өңірлердегі және жалпы бүкіл елдегі энергия тиімділігін арттыру қажет.

Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстандағы барлық салалардың ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық энергия ресурстарын тұтыну жағынан екінші орынды иемденеді. Тұрғын үй секторы электр энергиясының шамамен 11%-ын, босатылатын жылу энергиясының 40%-ын тұтынады. Сарапшылардың бағалауынша, ғимараттардың шамамен 70%-ының жылу-техникалық сипаттамалары заманауи талаптарға жауап бермейді (бұлардың көбісі 1950-1980 жылдары салынған ғимараттар). Нәтижесінде, жылытуға жұмсалатын жылу энергиясының 30 пайызы, ал кей жерлерде одан да жоғары мөлшері қоршау конструкциялары арқылы текке жоғалады. Зерттелген ғимараттардың негізгі бөлігі энергия тиімділігі жағынан «М-Н» сыныбына жатады. Зерттелген

үйлер бойынша ғимараттарды жылытуға жылу энергиясын тұтыну деңгейі орташа есеппен жылына 270 кВт сағ/м². Ал, орташа еуропалық көрсеткіштер бұдан әлдеқайда төмен – 100-120 кВт сағ/м². Сонымен бірге, энергия үнемдеу технологияларын енгізетін тиімді механизмдердің жоқ болуына байланысты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында инновациялық белсенділік деңгейінің төмен екендігі байқалады. Жоғары дәрежеде жылу тұтынуға айтарлықтай ықпал ететін проблема – бұл тұрғын үй қорының көнеруі. Пәтер иелері күрделі жөндеуге түрлі себептермен ақшалай қаражат жинақтамауы себебінен, пайдаланушы ұйымдар тұрғын үйдің ағымдағы жай-күйін ұстап тұруға ғана қауқарлары келеді. Ғимараттардың одан әрі бүлінуіне жол бермей, алдын алып, оларды сақтау тұрғын үй қорын жаңғыртудағы бірінші кезектегі шаралар болуы тиіс. Тұрғын үйді пайдалану, тұрғын үй қатынастарын жетілдіру шешуге арналған, қазіргі заман талаптарына, нарықтық өзара қатынастарға жауап беретін жаңа тәсілдер қажет. Бүгінде көп пәтерлі тұрғын үйді басқару кезінде жылумен, газбен, сумен және электрмен байланысты, барлық энергия ресурстарының шығысын есепке алуды және оларды басқаруды қамтитын барлық процестерге мониторинг жүргізу қажет. Ал, мұның барлығы ЭНЕРГИЯ МЕНЕДЖМЕНТІ функциясына кіреді.

Сонымен, энергия менеджменті дегеніміз не? Энергия менеджменті пайдаланылатын энергетикалық ресурстар шығындарын азайту үшін энергия үнемдеуді басқару принциптерінің,

білімдерінің, нысандары және құралдарының жиынтығын құрайды. 160 елді біріктіріп отырған халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым (ISO) 2008 жылы ISO 50001 «Энергия менеджменті жүйелері – қолдану жөніндегі басшылығы бар талаптар» жаңа халықаралық стандартын әзірледі. Бұл стандарт 2011 жылғы 15 маусымда бекітілгеннен кейін энергия менеджменті саласындағы ең инновациялық стандартқа айналды. ISO 50001 энергия менеджменті жүйесін орнатуға, енгізуге, сүйемелдеуге және жақсартуға арналған талаптарды анықтайды. Мақсаты энергия тиімділігін арттыруды, энергия қауіпсіздігі мен энергия тұтынуды қоса алғанда, ұйымға бірте-бірте энергия жүйесін жақсартуға қол жеткізуде жүйелі тәсілді ұстануға мүмкіндік береді. Ауқымына және қызмет түріне қарамастан, барлық ұйымдар үшін ISO 50001 стандартын енгізу мүмкін болмақ. Ол ұйымға жеке өзі ғана да, ISO 9001, ISO 14001. OHSAS 18001 сияқты және басқа да менеджмент жүйелерімен бірге де енгізіле алады. Стандарт ISO менеджменті жүйелерінің барлық стандарттарында пайдаланылатын ортақ элементтерге негізделгендіктен, басқа да менеджмент жүйелерімен сәйкестілігі жоғары деңгейде. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері энергия менеджменті жүйесін энергия менеджменті жөніндегі ISO 50001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес құруға, енгізуге және ұйымдастыруға міндетті. Өз кезегінде, мемлекет тарапынан да қолдау көзделген. Энергия менеджменті жүйесін қолдану арқылы көп қаржы жұмсамай-ақ көп пәтерлі тұрғын үйлерде айтарлықтай энергия үнемдеуге және жылыту жүйелерінің дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан болатын теріс зардаптарды азайтуға болады. Энергия менеджменті: - энергия тұтыну жүйелеріндегі ақауларды, олардың дұрыс жұмыс істемеуін, жұмыс істемей қалуын табу; - энергия ресурстарының шығыстары ұлғайып бара жатқан жағымсыз ахуалға тездетіп араласуды; - экология және энергияны пайдалану мәселелеріне барынша назар аударуды (республика ауқымында) қамтамасыз етеді.

(Басы. Жалғасы келесі нөмірде)
Дайындаған – Саид ӘЛІМБАЕВ,
Білім тарату орталығының бас менеджері.

ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО В ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОМ ХОЗЯЙСТВЕ

Продолжение. Начало на 1-стр.

Благодаря применению инновационных решений, оптимизации строительных работ и деятельности по обслуживанию объектов частному партнеру удается снизить издержки на 10-15% на стадии строительства и сократить продолжительность последнего. Будучи заинтересованной стороной, частные компании нацелены на реализацию эффективных решений при строительстве, учитывающих эксплуатационные особенности строений и способных в дальнейшем снизить текущие затраты, как результат – иногда даже кратное снижение стоимости эксплуатации. Наряду с этим, следует отметить, что характер взаимодействия государства и частного партнера, методы, конкретные формы и модели ГЧП в каждой стране существенно различаются в зависимости от уровня социально-экономического развития, зрелости и национальных особенностей рыночных отношений.

Анализ опыта применения концессии (одной из самых используемых форм ГЧП) в странах с разным уровнем социально-экономического развития показал, что такая форма партнерства успешно применя-

ется в транспортной отрасли, социальной сфере – здравоохранение, образование, в сфере ЖКХ – в секторах водоснабжения и водоотведения, а также в других сферах (объекты военной инфраструктуры, пенитенциарной системы и т.д.). Кроме того, в зависимости от приоритетов проводимой социально-экономической политики, различаются отрасли экономики, выбранные правительствами стран, в которые, в первую очередь, привлекаются инвестиции по механизмам ГЧП.

Например, в странах «Большой семерки» (США, Великобритания, Германия, Италия, Канада, Франция, Япония) по количеству проектов, реализуемых по всем формам ГЧП, на 1-м месте стоит отрасль здравоохранения, на 2-м месте – образование, на 3-м – автомобильная отрасль. При этом, в каждой из стран «Большой семерки» имеется своя наиболее приоритетная отрасль по использованию ГЧП: в США такой отраслью являются автомобильная, в Великобритании – здравоохранение и образование, в Германии – образование, в Италии, Канаде и Франции – здравоохранение. В других развитых странах (Австрия, Бельгия, Дания, Австралия, Ир-

ландия, Финляндия, Испания, Португалия, Греция, Южная Корея, Сингапур) на 1-м месте по числу использования ГЧП находится автомобильная отрасль, а за ней уже следуют с весьма значительным отрывом здравоохранение, образование.

В странах с переходной экономикой (Болгария, Чехия, Венгрия, Хорватия, Польша, Румыния, Латвия, Россия, Украина) лидируют транспортная отрасль, затем объекты водоснабжения. В развивающихся странах (Индия, Бразилия, Чили, Гонконг, Мексика, Саудовская Аравия, Объединенные Арабские Эмираты) как и в предыдущей группе стран, на 1-м месте по количеству ГЧП находится транспортная отрасль, на 2-м месте – объекты пенитенциарной системы и водоочистные сооружения. Таким образом, существует корреляция между уровнем развития страны и отраслями экономики, которые выбираются для привлечения в них инвестиций с помощью механизмов ГЧП.

Жилищно-коммунальное хозяйство Казахстана характеризуется высокой степенью износа основных фондов, неэффективной работой предприятий, большими потерями ресурсов, используемых в про-

изводственном цикле, что является следствием неудовлетворительного финансового положения предприятий-субъектов ЖКХ, неразвитостью конкурентной среды и высокими затратами, а самое важное – отсутствием экономических стимулов для снижения эксплуатационных затрат. Существующая схема финансирования основана на использовании бюджетных инвестиций для реализации проектов в ЖКХ. Отсутствие действенных механизмов обеспечения возвратности инвестиций в ЖКХ не позволяет привлечь дополнительные средства из внебюджетных источников финансирования. Такая ситуация ведет к постепенной деградации систем жизнеобеспечения населенных пунктов и на определенном этапе потребует единовременного финансирования восстановительных работ в огромных объемах. В настоящее время в Казахстане инвестиционные проекты в сфере ЖКХ, реализуемые по механизмам ГЧП, отсутствуют. Основной причиной сложившейся ситуации является то, что ГЧП в Республике Казахстан, как инструмент для реализации инвестиционных проектов, находится на стадии развития.

В целом, механизмы государственно-частного партнерства в секторе жилищно-коммунального хозяйства имеют ряд перспектив и подлежат рассмотрению не только со стороны государства, но и бизнеса.

Руслан КУЛОВ,
директор Департамента инвестиционных проектов, консалтинга и инжиниринга



*Сұрақтарыңызға
жауап береміз!*

8-8000-8000-12

CALL-ОРТАЛЫҚ

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының жанынан республикалық ақпараттық CALL-орталық құрылып, жұмысын бастады. CALL-орталықтың негізгі қызметі – Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту Бағдарламасы аясында көп пәтерлі тұрғын үйлерді қайтарымды қаражат есебінен жөндеу, қаржыландыру тетіктері мен ұйымдастырылу жайын халыққа кеңінен түсіндіру, тұрғын үй қатынастары негізінде кондоминиум объектілерін тіркеу, тұрғын үй көмегін алу бойынша сұрақтарға жауап беру.

CALL-орталықтың номері:
8-8000-8000-12, Қазақстан Республикасы бойынша телефонға қоңырау шалу тегін.

Жұмыс кестесі: дүйсенбі – жұма күндері аралығында сағат 9.00-дан 20.00-ге дейін, сенбі күні – сағат 10.00-ден 15.00-ге дейін, жексенбі күні – демалыс.

CALL-ЦЕНТР

Начал функционировать республиканский информационный CALL-Центр при АО «Казахстанский центр модернизации и развития ЖКХ» по разъяснению механизмов, схем финансирования, организации и проведения ремонтов многоквартирных жилых домов на основе возвратного механизма в рамках Программы модернизации ЖКХ Республики Казахстан на 2011-2020годы, получения жилищной помощи, регистрации объекта кондоминиума и жилищных отношений.

Номер CALL-Центра:
8-8000-8000-12, звонок бесплатный по всей территории Республики Казахстан.

График работы: понедельник-пятница с 9.00 до 20.00 часов, суббота - с 10.00 до 15.00 часов, воскресенье - выходной.



*Спрашивайте –
ответим!*

8-8000-8000-12

АКП

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамының жанынан облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалалары бойынша 2011-2020 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы аясында көп пәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, осы саладағы басқа да мәселелер бойынша тұрғындар тарапынан сұрақтарды қабылдап, консультация беретін ақпараттық-консультациялық пункт ұйымдастырылды.

Ақпараттық-консультациялық пункттің негізгі қызметі кондоминиум объектілерін басқару органдары, пәтер иелері және тұрғындармен қарым-қатынас телефон байланысы бойынша жеке қабылдауға жазылу арқылы және арнайы белгіленген орында тұрғындармен көшпелі консультациялық кеңес жүргізуге бағытталған.

Анықтама алу үшін 8-8000-8000-12 телефонына хабарласуға болады. Қазақстан Республикасының аумағынан қоңырау шалу тегін.

ИКП

При АО «Казахстанский центр модернизации и развития ЖКХ» во всех областных центрах и г. Астана и г. Алматы организованы информационно-консультационные пункты, куда население может обратиться за консультацией по вопросам организации и проведения капитальных ремонтных работ многоквартирных жилых домов в рамках Программы модернизации жилищно-коммунального хозяйства на 2011-2020гг, а также по проблемным вопросам в сфере ЖКХ.

Консультационно-разъяснительные услуги для органов управления кондоминиума, собственников квартир и населения осуществляются как по телефонной связи и посредством личного приема, так и с выездом консультантов на место проведения встреч с жильцами.

Телефон для справок - 8-8000-8000-12, звонок бесплатный по всей территории Республики Казахстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және энергия үнемдеу саласы бойынша мемлекеттік саясаттың насихатталуын қамтамасыз ету және іске асырылуына қолдау көрсету, энергия тиімділікті арттыру және инновациялық жаңалықтарды енгізу бағытында Астана қаласында жыл сайын өткізу үрдіске айналған “ТКШ – ЭКСПО - 2014” форумы ұйымдастырылады.

Кезекті форумының бағдарламасына келесі іс-шаралар енгізілген:

- VI халықаралық конференция “Қазақстан құрылыс индустриясындағы инновация және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы энергия тиімділік” тақырыбында;

VII халықаралық көрме “ТКШ – ЭКСПО” Қазақстан, Ресей, Белоруссия және еуропалық елдердегі құрылыс индустриясы кәсіпорындары мен ұйымдары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы технология және энергия үнемдеуге қажет инновация мен материалдардың ұсынылуы.

Форум 2014 жылғы 18-19 қараша айында Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, сол жағалаудағы “Көрме” көрме орталығында өтеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі және “Тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы” акционерлік қоғамы форумының іскерлік бағдарламасындағы іс-шараларды ұйымдастыру және ресми қолдап, көмек көрсетуге қамтамасыз етеді.

Форумының ұйымдастыру комитеті қызығушылық танытқан кәсіпорындар мен мекемелерді көрмеге экспонаттар қоюы үшін немесе халықаралық конференцияға қатысу мақсатын көздейтіндерді шақырады.

Байланыс орнатқысы келетіндерге қажет деректер:

“Fair Expo” көрме компаниясы. Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, қалалық телефон:

+7 (7172) 542677; 542678; мобилді байланыс: +7 (701) 520 50 37. office@fairexpo.kz http: www.zhkhexpo.kz “ТКШ – Экспо” көрме жобасының жетекшісі: Захарова Светлана.

“Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы” АҚ.

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, қалалық телефон:

+7 (7172) 999 – 471, 999 – 456. www.zhkh-center.kz. islamov_esenbay@mail.ru.

“ҚазТКШОрталығы” АҚ Білім тарту орталығының жетекшісі: Есенбай Исламов.

СҰРАҚ-ЖАУАПТАР

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі дегеніміз не?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-тармағына сәйкес ортақ мүлікке кондоминиум объектісінің мынадай бөліктері жатады: кіреберістер; баспалдақтар; лифттер; шатыр төбесі; шатырлар; жөндеулер; пәтерден тыс не үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар; абоненттік пошта жәшіктері; абаттандыру элементтерін қоса алғанда, жер учаскесі; және дара (бөлек) меншіктегі үй-жайлардан басқа, ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік.

Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға не жатады?

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-тармағының 40) тармақшасына сәйкес тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар: кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалану және жөндеу шығыстарына; жер учаскесін күтіп-ұстау шығыстарына; коммуналдық қызметтерді тұтынуды есепке алудың үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға; кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға; болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жеке-леген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналарға арналған, жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлар (пәтерлер) иелері шығыстарының міндетті сомасы.

Осылайша, үй-жайлар (пәтерлер) иелері ай сайын жарналар аудару арқылы жұмсайтын шығыстар мөлшері үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленіп, жоғарыда айтылған құрамдас бөліктерін қамтуы тиіс.

ВОПРОСЫ-ОТВЕТЫ

Должны ли офисные помещения, которые находятся на первых этажах в многоквартирном жилом доме иметь общий вход и выход с жилыми квартирами?

22 июля 2011 года в статью 4 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях» были внесены поправки, в части того, что нежилые помещения должны быть изолированы от жилых помещений и не иметь общего входа (выхода). В остальном же статья осталась без изменений и касается правового режима переоборудования и перепланировки жилых и нежилых помещений в жилом доме.

Где можно получить технический паспорт на объект кондоминиума?

Согласно стандарту государственной услуги «Выдача технического паспорта объектов недвижимости», утвержденному постановлением Правительства РК от 15 декабря 2009 года за № 2121 (далее - Стандарт), данная государственная услуга оказывается РГКП «Центры по недвижимости областей, города Астаны и Алматы» и их филиалами, а также на альтернативной основе через ГУ «ЦОН».

ТКШ РЕФОРМАЛАРЫ РЕФОРМЫ ЖКХ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
«БИЗНЕС ЖАРШЫ - БИЗНЕС БЮЛЛЕТЕНЬ»
ГАЗЕТІНЕ АРНАЙЫ ҚОСЫМША

СПЕЦИАЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ
К РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ГАЗЕТЕ
«БИЗНЕС ЖАРШЫ - БИЗНЕС БЮЛЛЕТЕНЬ»

Редактор:
ЖАНДОС БАДЕЛУЛЫ
Тапсырыс беруші:
«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ
Шығарушы:
«Профи Медиа» ЖШС

Редактор:
ЖАНДОС БАДЕЛУЛЫ
Заказчик:
АО «Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства»
Издатель:
ТОО «Профи Медиа»

Редакция алқасы:
Дастан Хамзин, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
Мадина Мұрақина, Тұрғын үй шаруашылығы Департаментінің директоры;
Рамазан Әсіп, Коммуналдық шаруашылығы Департаментінің директоры;
Үмітай Жолдыбаева, Құқықтық қамтамасыз ету Департаментінің директоры;
Есенбай Исламов, Білім тарту орталығының жетекшісі;
Людмила Рогозин, Қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы, баспасөз хатшысы;
Нұрлан Мералы, 1-санатты менеджер, журналист-аудармашы.

Редакционная коллегия:
Дастан Хамзин, заместитель Председателя Правления АО «КазЦентр ЖКХ»;
Мадина Мурсакина, директор Департамента жилищного хозяйства;
Рамазан Әсіп, директор Департамента коммунального хозяйства;
Үмітай Джолдыбаева, директор Департамента правового обеспечения;
Есенбай Исламов, руководитель центра распространения знаний;
Людмила Рогозин, начальник отдела по связям с общественностью, пресс-секретарь;
Нурлан Мералы, менеджер 1 категории, журналист-переводчик.

Редакцияның мекен-жайы:
010017 Астана қ.,
Ш.Айманова 24.
Тел.: (7172) 57-28-85; факс: 205-404
E-mail: kazbin@mail.ru
Web: bgazeta.kz

Адрес редакции:
010017 г. Астана,
ул.Ш.Айманова 24.
Тел.: (7172) 57-28-85; факс: 205-404
E-mail: kazbin@mail.ru
Web: bgazeta.kz

Жалпы таралымы
2 000 дана.
Газеттің таратылымы
бойынша редакцияға
хабарласу керек.

Общий тираж
2 000 экз.
По вопросам рас-
пространения газеты
обращаться в редакцию.